

Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Placer" тобы компаниясының өкілдеріне дауды соттан тыс тәртіппен реттеу жөнінде келіссөздер жүргізуге өкілеттік беру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 15 тамыздағы N 278

"MoGuire, Woods, Battle & Boothe L.L.P" халықаралық заң фирмасының Васильков алтын кеніші жобасы жөніндегі төрелік іс қарауда Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүддесін білдіретін ұсынысына байланысты және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің пікірін ескере отырып:

1. "MoGuire, Woods, Battle & Boothe L.L.P" халықаралық заң фирмасына Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Placer" тобы компаниясының өкілдерімен (адвокаттарымен) Васильков алтын кеніші кен орны жөніндегі дауды соттан тыс тәртіппен реттеу жөнінде келіссөздер (дауды реттеу жөнінде түпкілікті шешім қабылдау құқығынысız) жүргізуге өкілеттік берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметін келіссөздердің жүргізілуі бойынша олардың нәтижелері туралы кешіктірмей хабардар етсін және дауды түпкілікті реттеу жөніндегі шаралар туралы өз ұсыныстарын тапсырсын.

Премьер-Министр